

"Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 223 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 196 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 мамырда № 15137 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексінің 153-бабына және "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының 5-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 223 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7793 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2012 жылғы 22 тамызда № 280-281 (27099-27100) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысанына бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі*

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 11 сәуірдегі
№ 196 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрінің
2012 жылғы 29 маусымдағы
№ 223 бұйрығымен бекітілген
Нысан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ
ЭНЕРГИЯ
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫ ТАЛАПТАРЫНЫҢ
БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫН ЖОЮ ТУРАЛЫ № _____ НҰСҚАМА
ПРЕДПИСАНИЕ ОБ УСТРАНЕНИИ НАРУШЕНИЯ ТРЕБОВАНИЙ
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОБ
ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИИ И
ПОВЫШЕНИИ ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОСТИ № _____**

20 ____ жылғы/года " ____ " _____

_____ құрастыру орны/место составления

(тексерілетін субъектінің атауы/наименование проверяемого субъекта)

Тексеру нәтижелері туралы актімен 20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____

Актом о результатах проверки " ____ " _____ 20 ____ года № _____

Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнамасы талаптарының бұзушылықтары анықталды/установлены

нарушения требований законодательства Республики Казахстан в сфере энергосбережения и повышения энергоэффективности

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 153-бабына және "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес НҰСҚАМА беремін:

В соответствии со статьей 153 Предпринимательского Кодекса Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года и статьей 7 Закона Республики Казахстан от 13 января 2012 года "Об энергосбережении и повышении энергоэффективности",
ПРЕДПИСЫВАЮ:

1. Келесідей іс-шаралардың көрсетілген мерзімдерде орындау жолымен мынадай бұзушылықтар жойылсын/Устранить выявленные нарушения путем выполнения в указанные сроки следующих мероприятий:

р/с №	Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша іс-шаралар//Мероприятие по устранению выявленных нарушений	Жою мерзімдері /Сроки исполнения
1	2	3
1		
2		
3		
...		

2. Нұсқаманы орындалғаны туралы ақпаратты растайтын құжаттардың қоса ұсыну/
Представить информацию об исполнении предписания с приложением подтверждающих документов в: _____

(тексеруді жүргізген органының атауы/наименование органа, осуществившего проверку)

Тексеру жүргізуге уәкілетті бақылаушы органның басшысы/Руководитель органа контроля, уполномоченного на проведение проверки:

(Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)/ (қолы/подпись)(Фамилия, имя, отчество (при его наличии))